


Суреттер сөйлейді








АШЫҚ ТЕСТ

Сабақ тақырыбы:
XI- XIII ғасырлардағы Русь

A historical map of Eastern Europe, likely from the 17th or 18th century, showing the Dnieper and Dniestr rivers. The map is framed by a decorative border. In the top left corner, there is a circular inset map. In the bottom left corner, there is a decorative cartouche with text. In the bottom right corner, there is a small illustration of three figures standing on a rocky outcrop. The text is centered in a light green oval.

**Киев русі Балтық теңізі
мен Қара теңіз,
Днестр мен Еділ жерін
алып жатты.**



Ярослав Мудрый



Ярослав Мудрый кезінде салынған Әулие София соборы



Әйгілі София соборы дала көшпенділерімен болған қанды шайқастың орнына салынған.

Кітаппен жұмыс

**Киев Русі туралы
кітаптан оқып бер.**












Киев қаласы “орыс қалаларының анасы” деп аталды.



- Русьті белсенді қорғаушы батыр
- Қолбасшы
- Мемлекет қайраткері
- Жазушы

**Владимир Мономах
(1113-1125)**





Любеч

1097 ж.





Владимир Мономах (1113-1125)



Олег Святославич

Кітаппен жұмыс

**Любечте қабылданған
шешімді оқы.**



Владимир Мономахты танымал еткен:

- Қыпшақтарды біржолата талқандауы;**
- Русьті көшпенділер шапқыншылығынан құтқаруы;**
- Князьдер арасындағы қырқысты тыюға атсалысуы;**
- Қарызға белшесінен батқан қарапайым халыққа қамқорлық жасауы;**

«Русская правда»

Таптық күрестің өсуіне байланысты үстем тапты қорғайтын қосымша заңдар қажет болды. Шамамен 1072 жылы үш ағайынды Ярославичтер Киевте жаңа кінәздік заң - «Русская правданы» жасады. Ол қауым мүшелері үшін қатаң заң болды. Оның әрбір бабы кінәз мүддесін қорғады.

§20. Егер басқарушы қарақшылықпен өлтірілсе, ал жергілікті шаруалар адам өлтірушіні іздемесе, онда өліктің денесі табылған жердегі бүкіл қауым (вервь) айып (вира) төлейді.

§21. Егер басқарушы үйінде немесе жылқы мен сиырдың қасында өлтірілсе, кінәлі адамды өлтіру керек. Кінәз тапсырмаларын орындаушы (тиун) өлтірілсе де осылай істеу керек.

§22. Кінәздің тапсырмаларын орындаушыны өлтіргені үшін 80 гривен айып салынады.

§24. Кінәздің ауыл шаруашылық жұмыстарын басқаратын старостасын өлтіргені үшін айып - 12 гривен.

§26. Шаруаны немесе малайды өлтіргені үшін салынатын айып - 5 гривен.

Басқарушыны өлтіргені үшін салынатын айып заттай есептесек, 80 өгіздің немесе 400 қойдың құнына тең еді.

Мұндай айып төлегеннен кейін бүкіл село жұтқа ұшырады немесе барлық шаруа кінәз тепкісіне түсті.

Шаруаның немесе малайдың өмірі кінәз жасақшысының өмірінен 16 есе арзан бағаланды.

Шаруалар малай-құлға, уақытша малайға айналдырылды және мырзасынан қашып кеткені үшін қатаң жазаланды. Киев жылнамаларының бірі кінәз әкімшілігінің жүгенсіздігін былай сипаттайды: «Қара халық кінәздің заңдарын білмеді. Салық пен сот айыптарын жинаушы кіші жасақшылар халықты тонады және заңсыз түрде малайлыққа сатып отырды».